

**«№11 САНАТОРИЯЛЫҚ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**Тәрбиешілердің әдістемелік бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**



«Бекітемін»

Мектеп директоры

 А.Юсупова




«№11 Санаториялық мектеп- интернаты»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиешілер бірлестігінің

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

« Келісілді »

ДТІЖО

 О.Салибеков

№	Жүргізілетін жұмыстар	Түрі	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Тәрбиешілер бірлестігінің 2023-2024 оқу жылына арналған әдістеме бірлестігінің жұмыс жоспарын бекіту.	Жоспар	28.08.2023	ДТІЖО О.Салибеков ӘБ жетекшісі Н.Наушабекова	Тиімді жоспар мен бағдарлама әзірлеу.
	Бірлестіктің 1- отырысы				
2.	1. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жаңа тұжырымдамасын түсіндіру. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар-ұят,Талап туралы жоспарды құру . 2. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу. 3. Тәрбиешілердің функционалдық міндеттері 4.Ашық тәрбие сағаттарының кестесін бекіту. 5. Терроризмге қарсы қауіпсіздік және оқушыларды қорғау, ұжымның ұйымшылдық пен қырағылықты арттыруға, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындығын арттыруға, құқық қорғау органдарымен өзара іс-	Талдау	қыркүйек	ДТІЖО О.Салибеков ӘБ жетекшісі Н.Наушабекова	Тәрбиешілер зертханасын байыту.

[illegible]

9	Бірлестіктің -4 отырысы				
	1. Оқушылардың тәрбие деңгейінің мониторингі 2. « Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеудегі күзінеттілік » 3. Тәрбиешінің бала тәрбиесінде ата-аналармен ынтымақтастығы	Мони- торингілеу Баяндама	қаңтар	ДТІЖО О.Салибеков ӘБ жетекшісі Н.Наушабекова	Тәрбиешілердің жауапкершілігін арттыру, мониторингімен жұмысты басшылық алу.
10	Бірлестіктің 5 отырысы				
	1. Жылдың қорытындысы, мақсаттар мен міндеттердің орындалу мониторингісі 2. Оқушылардың жазғы демалысы	Мони- торингілеу Жоспар құру	мамыр	ДТІЖО О.Салибеков ӘБ жетекшісі Н.Наушабекова	Озат тәжірибені насихаттау, Марапаттау.

Дайындаған :

 **Л.Наушабекова**

4. I -жартыжылдықта тәрбиешілердің шығармашылық есебі тыңдалды. ӘБ жетекшісі Наушабекова Л. тәрбиешілердің және оқушылардың жетістіктері туралы толық мәлімет беріп, әр сыныптың тәрбие сапасын салыстыра отырып мониторинг жасады. I жартыжылдық қорытынды есебі тыңдалды. Тәрбиеші Билибаева Н. «Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік » атты баяндамасында өзінің шығармашылық жолымен бөлісті. Іс - тәжірибесінде күнделікті тәрбиеде қолданатын әдістерін айтып өтті. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

Қаулы етеді : 1. «Жаңа технология- тәрбие үрдісінде» тақырыбында баяндамасы тыңдалды.

2. Күн тәртібіндегі қойылған келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасы мен тәрбие берудің стратегиялық жоспары бойынша тәрбиешілердің жұмысын мониторингілеу бойынша сауалнама алды.
3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілсін. Тәлімгерлерге жүктелген міндеттерді толық атқарсын.
- 4 Тәрбиеші Билибаева Н. ««Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеудегі құзыреттілік » атты шығармашылық есебі оқылып, тыңдалды.

Бірлестік жетекшісі :

Бірлестік хатшысы :



Н.Наушабекова

Л.Акимбекова

« №11 Санаториялық мектеп-интернаты » коммуналдық мемлекеттік мекемесі

тәрбиешілер әдістемелік бірлестігінің отырысы

ХАТТАМА № 2

Күні 03.01.2024 ж.

Қатысқандар – 33

Күн тәртібінде :

1. Жаңа технология - тәрбие үрдісінде
2. Жас мамандарға әдістемелік көмек беру.
3. Тәрбие тұжырымдамасы мен тәрбие берудің стратегиялық жоспары бойынша тәрбиешілердің жұмысын мониторингілеу.
4. I-жартыжылдықта тәрбиешілердің шығармашылық есебі.

Тыңдалды :

1. 2024 жылдың 3 қаңтарында өткен тәрбиешілер әдістемелік бірлестігінің отырысын әдістеме бірлестік жетекшісі Л.Наушабаева ашып, күн тәртібінде қозғалатын негізгі мәселелермен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша **«Жаңа технология- тәрбие үрдісінде»** атты баяндамасы аясында пікір алмасты. Қазіргі заман ұстазынан тек өз пәнінің терең білгір болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп, тәрбиелеудің жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналатынын. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының тәрбие үрдісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды талап ететіндігін. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, теле-конференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылып жатқандығына баса назар аударды. Сонымен қатар, әріптестерінің пікірі мен сауалдарына да көңіл бөлінді.
2. Күн тәртібіндегі қойылған келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасы мен тәрбие берудің стратегиялық жоспары бойынша тәрбиешілердің жұмысын мониторингілеу бойынша сауалнама жүргізілді..
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе жас мамандарға әдістемелік көмек беру. 2023-2024 оқу жылында жас мамандардың біліктілігін дамыту және оларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас мамандарға шығармашылықпен жұмыс істейтін білікті тәжірибелі тәрбиешілерден тәлімгерлер бекіту ұсынылды. Тәлімгер -тәрбиешілер жас мамандарға жұмыс жоспарын құрып, жылдық жоспар, күнделікті жұмыс жоспары, тәрбие сағаттарын құруға бағыт- бағдар беруге, көмек беруі, оларға арналған әдістемелік күн, апталықтар ұйымдастыру керектігі айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілердің өздігінен білім алуы бойынша тақырыптар, тәрбие процесін тақырыптық жоспарлау кестесі ,бірінші жартыжылдыққа ашық тәрбие сағаттарының тақырыптарына жеке ұсыныстар берілді.

5 мәселе. Терроризмге қарсы қауіпсіздік және оқушыларды қорғау, ұжымның ұйымшылдық пен қырағылықты арттыруға, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындығын арттыруға, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған іс-қимылдарды алдын алуға нұсқама берді. Оқушы өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысын алдыңғы орынға қою керектігі баса айтылды .Басты мақсаты- интернат оқушыларының өміріне қауіпсіз жағдай жасау. Балалар олардың қауіпсіздігі тек ересектердің қолында ғана емес, өз қолында екенін есте ұстауы керек.

Апта сайын оқу іс-шаралары өткізілетінін: оқушылардың төтенше жағдайларда шығуы, сынып ұжымдарының, тәрбиеші мұғалімдердің және техникалық персоналдың шығу маршруттары. Балаларды қорғау-барлық ата-аналар мен мектептегі педагогтердің жаһандық міндеті. Ересектер төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керектігін біліп қана қоймай, балаға қауіпсіз мінез-құлықты үйретуі керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе,отырысқа қатысушылар

Қаулы етеді : 2023-2024 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекітілсін.

1. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жаңа әдістемелік нұсқау хаты “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” негізге алынсын. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар-ұят,Талап атты үш құндылық бойынша тәрбие жоспарын құру әр сынып тәрбиешісіне тапсырылсын.

2. 2023-23024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.

3. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиешілердің функционалдық міндеттерімен таныстырылды.

4. 2023-2024 оқу жылының ІІ- жартыжылдықта тәрбиешілердің ашық тәрбие сағаттарының кестесі бекітілсін.

5.Оқушы өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу іс- шаралары мен нұсқамалары бойынша кеңінен түсінік жұмыстары жүргізілсін.

Бірлестік жетекшісі :

Бірлестік хатшысы :



Н.Наушабекова

Л.Акимбекова

« №11 Санаториялық мектеп-интернаты » коммуналдық мемлекеттік мекемесі

тәрбиешілер әдістемелік бірлестігінің отырысы

ХАТТАМА № 1

Күні 07.09.2023 ж.

Қатысқандар – 31

Күн тәртібінде :

1. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жаңа тұжырымдамасын түсіндіру. Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап туралы жоспарды құру .
2. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу.
3. Тәрбиешілердің функционалдық міндеттері
4. Ашық тәрбие сағаттарының кестесін бекіту.
5. Терроризмге қарсы қауіпсіздік және оқушыларды қорғау, ұжымның ұйымшылдық пен қырағылықты арттыруға, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға дайындығын арттыруға, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған іс-қимылдары туралы нұсқама беру.

Тыңдалды :

2023 жылдың 5 қыркүйегінде өткен тәрбиешілер әдістемелік бірлестігінің отырысын әдістеме бірлестік жетекшісі Л.Наушабаева ашып, күн тәртібінде қозғалатын негізгі мәселелермен таныстырып өтті.

1. Күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Салыбеков 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен, білім беру ұйымдарындағы ерекшеліктерімен таныстарды, сондай-ақ, тәрбие алушылардың бойында құндылықтарды , тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдері, ертеңгі ұрпақты жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарын талқылады. Тәжірибе жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажеттілігін атап, тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудың жолдары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2. Күн тәртібіндегі қойылған келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттармен таныстырып, оны талқылап өтті.

3. Келесі мәселе бойынша тәрбиешілердің функционалдық міндеттерімен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылында бірлестік мүшелері алдарына қойылған міндеттемелерді негізге алуға тиіс екен атап өтті.